Бекітілді

Құлсары қаласы әкімі

Қ.Адинов

Қызметтік хат

Құлсары қаласы әкімі аппараты «2023 жылғы Құлсары қаласындағы профилактикалық дезинсекциялық (масаларға қарсы) жұмыстарды жүргізу» бойынша мемлекеттік сатып алу порталына 2 мәрте жарияланған болатын.

Ағымдағы жылдың ақпан айының 9 күні мемлекеттік сатып алу порталына жарияланып, ағымдағы жылдың ақпан айының 27 күні өтінім қабылдау аяқталды. Алайда, № 9160520-1 2023 жылға Құлсары қаласындағы профилактикалық дезинсекциялық (масаларға қарсы) жұмыстарды жүргізу мемлекеттік сатып алу порталына ашық конкурсқа қатысуға бір әлеуетті қатысушы жіберілді, осыған байланысты ашық конкурс өтпеген деп танылды.

Соған сәйкес, ағымдағы жылдың сәуір айының 6 күні мемлекеттік сатып алу порталына қайтадан жарияланып, ағымдағы жылдың сәуір айының 14 күні аяқталды. Алайда, № 9733201-1 2023 жылы қайта өткізілген мемлекеттік сатып алу порталында ұсынылған өтінімдердің ішінен бір әлеуетті қатысушы жіберілуіне байланысты ашық конкурс қайта өтпеген деп танылды.

Жоғарыда көрсетілген қызмет бойынша өтінім беруші болмауына байланысты, ашық конкурсты бір көзден, яғни «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының **39-баптың 3-тармағының 42-тармақшасына** сәйкес, егер біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің үш мың еселенген мөлшерінен аспаса, аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының осындай біртекті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтау отырып, өнім берушіні айқындасын.

Дайындаған **Даулетова. Н**

Құдайбергенов. Ж